

Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 3 қарашадағы № 139 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 43-бабының 15-тармақшасына, Кеден одағы Кеден кодексінің 66-бабына және 180-бабының 1-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының шешімдеріне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2015 жылғы 3 қарашадағы
№ 139 шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден одағы Комиссиясының шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға декларация толтыру тәртібі туралы нұсқаулықта:

а) 15-тармақтың 42-тармақшасы он тоғызыншы абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 376 шешімімен бекітілген Тауарлардың кедендік құнын бақылау тәртібінің 11-тармағында¹ көзделген жағдайда – декларацияланатын тауарлармен бірдей және кедендік құнын Кеден одағы Кеден кодексінің 69-бабына сәйкес қосымша тексеру нәтижелері бойынша кеден органы қабылдаған тауарларға қатысты тауарларға декларацияның тіркеу нөмірі;"

б) 43-тармақтың 4-тармақшасы жиырма жетінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"элемент 6 – декларант қосымша тексеру жүргізу кезінде кеден органының сұрау салуына сәйкес кеден органына қосымша құжаттар, мәліметтер мен түсіндірмелер беретін мерзім өткен күн көрсетіледі."

2. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 376 шешімімен бекітілген Тауарлардың кедендік құнын бақылау тәртібіне:

а) 11-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Атап айтқанда, мынадай міндеттемелер Тауарлардың кедендік құны туралы мәлімделген мәліметтердің анық еместігінің белгілері болып табылуы мүмкін.";

б) мынадай мазмұндағы 11¹ тармақпен толықтырылсын:

"11¹. Егер декларацияланатын тауарлар бұрын осыған ұқсас тауарлар соған сәйкес әкелінген сыртқы экономикалық шарт (келісімшарт) шеңберінде әкелінсе, Тәртіптің 11-тармағында көрсетілген мән-жайлар тауарларды кедендік декларациялау кезінде мәлімделген кедендік құн туралы мәліметтер мынадай шарттар бір мезгілде сақталған кезде анық емес не тиісінше расталмаған болып табылуы мүмкін екенін көрсететін белгілер ретінде қаралмайды:

1) декларацияланатын тауарлар мен бұрын әкелінген тауарлар бірдей, мәміле шарттары өзгермейтін (оның ішінде тауарлар бағасы мен жеткізу шарттарына қатысты) бір сыртқы экономикалық шарт (келісімшарт) шеңберінде әкелінген;

2) декларацияланатын тауарлар шығарылғанға дейін кедендік құнына бақылау жүргізу кезінде олармен бірдей тауарлардың кедендік құнына кедендік бақылау жүргізу кезіндегідей Тәртіптің 11-тармағында көрсетілген мән-жайлар анықталған;

3) декларацияланатын тауарлармен бірдей бұрын әкелінген тауарларға қатысты: кедендік құны әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміленің құны бойынша тауарлардың кедендік құнын айқындау әдісі (1-әдіс) бойынша мәлімделген; нәтижелері бойынша мәлімделген кедендік құнын кеден органы қабылдаған қосымша тексеру жүргізілген;

4) декларацияланатын тауарларға қатысты тауарларға декларация декларацияланатын тауарлармен бірдей бұрын әкелінген тауарларға қатысты тауарларға декларация сияқты сол кеден органына берілген;

5) Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға декларация толтыру тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес декларацияланатын тауарларға қатысты тауарларға декларацияда декларацияланатын тауарлармен бірдей бұрын әкелінген тауарларға қатысты тиісті тауарларға декларацияның тіркеу нөмірі мәлімделген;

б) қосымша тексеру нәтижелері бойынша декларацияланатын тауарлармен бірдей бұрын әкелінген тауарлардың кедендік құнын қабылдау туралы шешім қабылданған күннен бастап декларацияланатын тауарларға қатысты тауарларға декларация тіркелетін күнге дейінгі мерзім тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып айқындалатын мерзімнен, бірақ 180 күннен аспайды."

3. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген Кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын құжаттар мен мәліметтер түрі сыныптауышының (8-қосымша) 9-бөлімі коды 09030 позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

Мәлімделген кедендік құнын қосымша тексеру нәтижелері бойынша кеден органы қабылдаған,
--

"09031

декларацияланатын тауарлармен бірдей бұрын әкелінген тауарларға қатысты тауарларға декларация"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК